**Автор**: Дуйсенова Куанышкул Кадиршиновна
**Пән**: Қазақ әдебиеті
**Сынып**: 8-сынып
**Бөлім**: Махаббат және абырой
**Тақырып**: Мұқағали Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 8.1.2. 1. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы<br>8.2.1. 1. Әдеби шығарманың композициясы |
| Сабақтың мақсаты: | Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;<br>Композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау; |
| Тілдік мақсаттар: | Пән лексикасы және терминология: Сюжет, эпизод, жазушы шеберлігі, аққу, қасірет, қасиет, бақ пен сор. |
| Күтілетін нәтиже: | Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашады;<br>Поэманың мазмұнын кейіпкерлерге талдау арқылы түсінеді. |
| Бағалау критерийлері: | Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашады; Композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдайды; |
| Құндылықтарды дарыту: | • Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет;<br>• Ынтымақтастық;<br>• Жауапты азаматтық позиция;<br>• Ұлттық және адами құндылықтарға деген құрмет;<br>• Шығармашылық. Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы және оқушылардың жеке, жұптаса, топтаса жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлауы арқылы бағалау дағдылары негізінде жүзеге асады. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | https://bilimland.kz/kk/plans/create |
| Пәнаралық байланыс: | Биология, география, музыка |
| Бастапқы білім: | Д.Исабеков "Әпке" драмасындағы Қамажай |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (3 минут) | Топқа бөлу. «Сиқырлы қоржын». Жағымды психологиялық ахуал орнату. «Сиқырлы қоржындағы» асықтар арқылы топқа бөлу.<br>https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/8-synyp/lesson/muqa<br>Үй тапсырмасы: Көркемдегіш құралдарды сұрау. Қызығушылығын ояту: «Тосыннан келген хат». Хатты ашып оқып, сол арқылы сабақ тақырыбын анықтау. | https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/8-synyp/lesson/muqa |

| Сабаққкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(20 минут) | 1 – тапсырма. «Топтау» әдісі бойынша ақын өмірбаяны, шығармашылығымен танысу. Оқулықта берілген мәліметтерді оқып, топтастыру жасау.<br>2-тапсырма. «Аққу туралы қызықты мәлімет» бейнебаянын көрсету. https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/8-synyp/lesson/muqahali-maqataev-aqqular-ujyqtahanda<br>Видеороликке кері байланыс: -Қандай мәліметтермен таныстыңыздар? -Видеоға қандай ат қояр едіңіз?<br>3-тапсырма. А)«Жіптегі тізбектер» әдісі арқылы шығарманы толық оқу.<br>Ә) «Аквариум» әдісі арқылы шығарма мазмұнын талқылау.<br>Топтық жұмыс: 1-топқа: 1.Поэманың І бөлімінен қандай әсер алдыңдар? 2.Туған жер, Жетімкөлдің сұлулығы,аққудың үні, қасиеті, айнала қоршаған ортамен үндестігі, ақынның сезімі өлеңде қалай берілген? 3.«Сызат», «Алау» сөздерінің мағынасын түсіндір.<br>2- топқа: 1.Ананың психологиялық жай-күйін ақын қалай берген? 2.Ананы қасиетті аққуға оқ атуға итермелеген не? 3.Бала жатыр төсекте күйіп-жанып, Баласының ана отыр күйін бағып –деген өлең жолындағы «күй» сөзінің мағыналарын түсіндір.<br>3-топқа: 1.Осы бөлімдегі жылқышы мен ананың диалогін екі оқушы кезекпен мәнерлеп оқыңдар. 2.Білмеймін сор аттың ба,бақ аттың ба ? Аққуға кезенерде ырым жасап, Тым құрыса саусағыңды қанаттың ба?-деген жылқышы қарттың сөзінде не мән бар? 3. « Қасиет», «Қасірет» сөзінің мағынасын түсіндіріңдер.<br>4-тапсырма. Композициялық құрылымына талдау. Оқиғаның басталуы: Жетімкөлдің тамаша сұлу табиғаты. Оқиғаның байланысуы: Жетімкөлге аққулардың келуі. Оқиғаның дамуы: ауру бала мен ананың шарасыздығы. Оқиғаның шиеленісуі: Сорлы ананың мылтығымен көлге келуі. Оқиғаның шарықтау шегі: Ананың аққуларды атуы. Оқиғаның шешімі: Баланың өлуі. Жетімкөлге аққулардың қайта айналып келмеуі. Бағалау критерийі Дескриптор Композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдайды Оқиғаның басталуын анықтайды Оқиғаның байланысуын анықтайды Оқиғаның дамуын анықтайды Оқиғаның шиеленісуін анықтайды Оқиғаның шарықтау шегін анықтайды Оқиғаның шешімін анықтайды «Қар кесегі» әдісі арқылы сабақты бекіту. (Әр оқушы ақ параққа сұрақ жазып, бір-біріне қар кесегі етіп лақтырады, сұрақтарға жауап береді, пікір алмасады). Рефлексия: «Бес саусақ» әдісі | https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/8-synyp/lesson/muqahali-maqataev-aqqular-ujyqtahanda |
| Сабақтың соңы<br>(15 минут) | https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/8-synyp/lesson/muqahali-maqataev-aqqular-ujyqtahanda<br>4-тапсырма. Композициялық құрылымына талдау.<br>Оқиғаның басталуы: Жетімкөлдің тамаша сұлу табиғаты.<br>Оқиғаның байланысуы: Жетімкөлге аққулардың келуі. Оқиғаның дамуы: ауру бала мен ананың шарасыздығы.<br>Оқиғаның шиеленісуі: Сорлы ананың мылтығымен көлге келуі.<br>Оқиғаның шарықтау шегі: Ананың аққуларды атуы. Оқиғаның шешімі: Баланың өлуі. Жетімкөлге аққулардың қайта айналып келмеуі.<br><br><br>Рефлексия: «Бес саусақ» әдісі | https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/8-synyp/lesson/muqahali-maqataev-aqqular-ujyqtahanda |
| Рефлексия<br>(2 минут) | Бағалау критерийі Дескриптор Композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдайды Оқиғаның басталуын анықтайды Оқиғаның байланысуын анықтайды Оқиғаның дамуын анықтайды Оқиғаның шиеленісуін анықтайды Оқиғаның шарықтау шегін анықтайды Оқиғаның шешімін анықтайды «Қар кесегі» әдісі арқылы сабақты бекіту. (Әр оқушы ақ параққа сұрақ жазып, бір-біріне қар кесегі етіп лақтырады, сұрақтарға жауап береді, пікір алмасады). | |